

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

«Структурализм, лингвистика,
нарратология».

Джонатан Куллер «Лингвистикалық қор»



Мақсаты: структурализмнің негізгі даму ұстанымдарын пәнаралық сабақтастық негізінде сипаттау, структуралист-ғалымдардың еңбектері негізінде формализммен байланысын анықтау, Джонатан Куллердің еңбегіне шолу жасау.

Кілт тіркестер: тілдің гетерогендігі, ішкі тәртіп, тұрақтылық ұстанымы, тілдік нормалар, дискурсивті формация.

Негізгі идеялар:

- Структурализмнің басы: лингвистикадан антропологияға, пәлсападан әдеби сынға дейін.
- Структурализмнің формализммен байланысы: даму бағыттары. Ф. де Соссюрмен анықталатын структурализмнің басым бағыттары.
- Француз зияткерлік мектебіндегі құрылымдық теория.
- Джонатан Куллер және оның «Лингвистикалық қоры». Лингвистикадағы структурализм туралы ойлар.

Бүгін біз антологияның «Структурализм, лингвистика, нарратология» деп аталатын жаңа бөлімін бастаймыз. Біз әдебиет пен тіл туралы ғылымның сабақтастығын анықтайтын жаңа тұжырымдармен танысамыз.

Структурализм Фердинанд де Соссюр еңбектерінен басталады. Ол XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген танымал швейцар лингвисті. Соссюрдің айтуынша, тілді уақытпен мұздатылған және жапырақ сияқты ортасынан бөлінген құбылыс ретінде қарастыру керек. Мұндай тілдік жүйе тұспалданған немесе санасыз пішінде және әр түрлі субстанцияларда дамиды. Фердинанд де Соссюр үшін тіл сөйлеу әрекетімен тығыз байланыс түзетін құбылыс деп танылады. Оның белгілі бір кезеңдегі көрінісі де, нақты ұғымдармен баламалы табиғаты да сөйлеу актісінде байқалады деп есептеледі. Тіл табиғатын зерделеу барысында ғалым әлеуметтік фактордың маңызды екенін алға тартады. Тіл қоғам бар жерде және адамдардың ұжымы арасында ғана өз қызметін толық атқара алады деген пікірді ұстанған Соссюр екеуінің тұтасқан бірлігін талдауларына арқау етті. Зерттеушінің басты қағидаттарына тіл мен сөйлеудің айырмашылығы да жатқызылды. Тілші адамдар өлі тілдерде сөйлей алмаса да, оның техникасын меңгере алады деп тұжырымдады. Осыған орай, ойлар мен ауызша айтылатын сөздер тілдің гетерогенді тәртібіне қатысты қарастырылатын жүйенің көріну ережелері деп түсіндірілді. Бұл тұспалдану тәртібіндегі ұғым структурализмнің басты мәселелерінің бірін құрайды. Ол XX ғасырдағы антропологиядан тіл біліміне дейінгі, пәлсападан әдеби сынға дейінгі мәселелерді қамтумен өзгешеленеді.

Структурализм тарихи негізде де, логикалық бағытта да формализмнен туындайды. Роман Якобсон 1950–1960 жылдары кең етек алған француз структуралистіне әсер еткен алғашқы формалистердің бірі болды. Формализмдегі ғылыми қарқын да структурализмде өз көрінісін тапты. Якобсон арқылы алғашқы структуралистер, соның ішінде Клод Леви-Стросс сынды антропологтар, Соссюрдің тіл туралы тұжырымдарымен танысты. Нәтижесінде Леви-Стросс та мәдениетті тіл сияқты жүйе деп қарастыра бастады.

Аталмыш жүйе белгілі бір ережеге бағынған және өзара тығыз байланысқан бөлімдердің ішкі тұтастығын сипаттайды. Құрылым – бұл қаңқа, генетикалық код сияқты. Ол кез келген мәдени жүйедегі тұрақтылық пен реттілік ұстанымын, мәдениетке уақыт кеңістігінде тірі тіршілік иесі ретінде өмір сүруге мүмкіндік беретін әрекет ұстанымын айқындайды. II дүниежүзілік соғыс кезінде Нью-Йоркте Якобсонмен кездескен Леви-Стросс мәдениетті қарым-қатынас түрі ретінде қарастыра бастады. Мәдени үдеріске қатысушылар арасындағы барлық ақпараттар мәдени ережелермен енгізілетін және дайындалатын таңба, сөз деп қабылданды. 1949 жылы Леви-Стросс өзінің «Туысқандықтың қарапайым құрылымы» деген талдауында мәдениет әлеуметтік топтардың қарым-қатынасын ұстап тұрады деп атап көрсетті. Мысал ретінде некедегі әйелдердің мінез-құлқы талданды. Осы үлгідегі отбасыаралық немесе тайпаралық неке түрлері, ғалымның қабылдауында қарым-қатынас түрлері ретінде сипатталып, жеке және жанұялық қатынастарды дәйектеді. Олар қайшылықтардың азаюына да әсер етті.

Леви-Стросс мифтерді зерттеуге бағытталған жұмыстарын да тоқтатпады. Мифтердің көптігіне және алуан түрлілігіне қарамастан, олардың ортақ түйіні дәнегі, ядросы бар деп



тұжырымдалды. Бұл баяндаулар мәдениеттегі қайшылықтарды болдырмауға бағытталды. Мысал ретінде Эдип мифінің көптеген нұсқалары алынды. Олар идеялар арасындағы қайшылықтарды сипаттады. Айталық, адам адамнан туа ма әлде жерден пайда бола ма деген ойлар орын алды. Ғалым үшін миф дегеніміз – тіл, адамзат сөзінің, сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі. Осыған орай, Леви-Стросс мифті сақтаудың маңызды бірлігі ретінде осы аралық байланысқа ерекше мән берді, тіл мен миф екеуі әрі тұтасқан сабақтастық, әрі өз алдына жеке талданатын өзгешелік деп қарастырылу керек деген ойды дамытты.

Соссюрдің структурализмнің дамуына қосқан екінші үлесі ретінде оның тілдік таңба туралы тұжырымы қарастырылды. Ғалым сөздерді таңбалар деп есептеді. Олай болса, лингвистика семиология деп аталатын ғылымға жатады деп түсіндірілді. Ол таңбалардың, соның ішінде сөздердің де, қалай әрекет етуін зертейді деп ұғынылды. Таңба ретіндегі сөздердің екі жақты қасиеті бар деп қарастырылды: біріншіден, белгілейтін, яғни акустикалық немесе графикалық бейнесі; екіншіден, белгіленетін немесе таңбаның мағыналық жағы. Сөз – бұл әрі дыбыс, әрі идея деп танылды. 1950 жылдары Леви-Стросстың «Құрылымдық антропологиясымен» қоса әдебиет пен мәдениеттің де семиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге мән берілді. Оған дәлел ретінде Ролан Барт еңбектерінің пайда болуын айтуға болады.

Барттың айтуына қарағанда, әдебиетте мағынаны құрастыруға қатысатын таңбалар жиынтығы бар. Мәдениетті зерттей отырып, Барт фильмдердің де, тауарлардың да, оқиғалар мен бейнелердің де арнайы таңбалық байланыстарға негізделетінін байқады. 1960 жылдары Барт әдебиеттегі семиологиялық талдаудың бірден бір авторы болып қала берді. Оның маңызды еңбектері қатарында «Жазылымның нөлдік деңгейі», «Мифология», «Расина туралы», «Сыни эссе», «Семиология элементтері» сияқты кітаптарын атауға болады.

Француз структуралисті мен орыс формалисті арасындағы байланыс 1965 жылы қалана бастады. Оған Цветан Тодоровтың формалистер еңбектерінің аудармасына негізделген «Әдебиет теориясы» деген жинақтың жарық көруі әсер етті. Бұл жинақ баяндаудың құрылымдық тұжырымдамасын жасауға көмектесті.

1960 жылдардың орта шенінде құрылымдық теория француз зияткерлік мектебіндегі басым бағыттардың бірі ретінде танылды. Оның әсері тарихшы Мишель Фуконың, психоаналитик Жак Лаканның, әдеби сыншы Джулия Кристеваның, философ Луи Альтюссердің еңбектерінде байқалды. Ол кезде Фуконың «Заттардың реттілігі: гуманитарлық ғылымдар археологиясы», «Таным археологиясы», «Дискурс тәртібі» сияқты еңбектері көпшілік арасында танымал болды. Фуко еңбектері тұжырымдамалық негіздегі және эпистемалар құрамындағы тілдің рөлін анықтауға көп үлес қосты. Фуко білімнің өзгерісі тілді де өзгертеді деп есептеді. Бір дәуірде әлем деңгейлер арасындағы орын деп анықталса, кейінірек әлемнің өзі тақонимияны қалыптастыратын бірнеше бөліктерге бөліне таразыланды.

Фуко да дискурс идеяларының қалыптасып дамуына айтарлықтай үлес қосты. Дискурстық формация болжамдардың нәзік тобы мен тілдік практикалардың жиынтығын білдірді. Тілдік материалдар да әлеуметтік топтардың ой-пікірлерін анықтай отырып, тәртіп идеалдары мен ережелерін қалыптастыруға еңбек сіңірді. Заманауи ғылым да дискурсивті формациямен өлшенді, себебі оның аясында жаңалықтар мен белгілі көлемдегі білім қоры жинақталды. Орта ғасырдағы ессіз дискурс он тоғызыншы ғасырдағы аталмыш ұғымнан көп өзгешеленді. Әр дискурста бірдей нысандар әр түрлі мағына білдірді. Әр дискурстің өз даму заңдалықтары мен ережелері бекітілді.

Әрі қарай біз Джонатан Куллердің «Лингвистикалық қор» атты еңбегіне тоқталамыз. Ескерте кететін мәселе, Джонатан Куллердің құрылымдық поэтикасы француз структуралық қозғалысының әдеби сынындағы ағылшын тілінде жазылған алғашқы толық шығармалардың бірі болды. Ұсынылған үзіндіде тіл қызметінің құрылымдық сипаттамасы мен адамзат мәдениетінің конвенциялық ережелері арасындағы салыстырулар сөз болады.

Джонатан Куллер тіл білімі екі мәселеге негізделген өзге мәдени құбылыстарды зерттеу кезінде пайдалы болады деп тұжырымдады. Біріншіден, әлеуметтік және мәдени құбылыстар тек материалды нысандар не құбылыстар деп қарастырылмау керек, олар мағынасы бар нысандар деп танылу керек. Екіншіден, олар ішкі және сыртқы қатынастар тоғысы деп талдану керек. Тек осы терминдер арқылы семиология мен структурализмді ажыратуға болады деп есептелді. Оларды бір-бірінен ажырату қиындау, өйткені таңбаларды зерттеу кезінде олардың



мағына тудыратын қатынастар жүйесін де басшылыққа алу керек. Шын мәнінде, заттардың қарым-қатынасын да олардың таңбалары арқылы ғана зерделеуге болады.

Структурализм айырмашылық пен шарттылық көрініс табатын базалық жүйедегі адам әрекеттерінің мағынасы бар деген тұжырымға саяды. Мысалы: неке қию рәсімі немесе футбол ойыны жүріп жатқанда, бақылаушы әрекеттердің объективті сипаттамасы бола алады. Дегенмен олардың мағынасын түсінбей, оларды әлеуметтік не болмаса мәдени құбылыс ретінде қарау мүмкін болмайды. Олар тек институционалды конвенциялар жиынтығы ретінде ғана маңызды деп есептеледі.

Екі түрлі бағыт бар: не доппен тек арасынан өтіп кетуге болады немесе институционалды құрылымның қақпасына дәл тигізу керек. Леви-Стросс айтқандай, «жеке индивидтердің ерекше әрекеттері өз-өзімен символдық жүйені құратын, кейін ұжымдық деңгейге көтерілетін символға айнала алмайды». Белгілі бір актінің немесе нысанның мәдени мағынасы конститутивті ережелердің толық жүйесімен анықталады. Ағылшын тілінің ережелері мағынаны білдіру үшін дыбыстардың реттілігін пайдалануға жол береді. Олар грамматикалық не грамматикалық емес сөйлемдерді айтуға да мүмкіндік береді. Сол сияқты әр түрлі әлеуметтік ережелер некеге тұруға, өлең жазуға, әдепті немесе әдепсіз болуға әсер етеді. Дәл осы мағынасында мәдениет те символдық жүйелер жиынтығынан тұрады деп танылады.

Автор мәдени жүйелерді «тілдер» деп қарастыруға болады деп есептеді, өйткені оларды лингвистикалық терминдер арқылы түсіну жеңілдеу деп ұғынылды. Шын мәнінде, құрылым ретінде қарастырылатын ұғымдар мен әдістердің кеңістігі шектеулі. Тек аз ғана тілшілер олардың әсерін түсіндіре алады. Солардың ішінде, алғашқылар қатарында Фердинанд де Соссюр аталады. Ол тілдік құбылыстардың әр түрлі типтерін зерттей келе, қажет нысандарды бөліп қарау арқылы ғана жетістікке жетуге болады деп есептеді. Осыған орай, бұл ретте лингвистиканың сөйлеу әрекеті мен тілдік жүйесі бөліп қарастырылды.

Соссюрдің үлгісін қолдай отырып және сөйлесімдік дыбыстардың негізінде жатқан жүйеге басты назар аудара келе, Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері, оның ішінде Якобсон мен Трубецкой, «фонологиялық революция» деп Леви-Стросс атаған бағыттың негізін қалады. Кейінірек Леви-Стросс структуралистерге лингвистикалық әдістің нақты үлгісін ұсынды. Шынайы сөйлеу әрекетінің дыбыстары мен олардың функционалдық ерекшеліктері арасындағы айырмашылықтарды зерттей отырып, Трубецкой: «фонология тілдегі дыбыстық, мағыналық өзгешеліктерді, сөз бен фразаны бірігу ережелері арқылы дифференциалды элементтер мен таңбалардың бір-бірімен байланысын зерттеу керек», – деп жазды.

Заманауи тіл білімін ерекшелендіретін басты қағида – Соссюрдің тілді сөзден бөлек қарастыруы. Бұл тұжырым структурализмнің де негізін қалады. Біріншіден, тіл тұлға аралық ережелер мен нормаларға, институттарға негізделген жүйе болып есептеледі. Бұл жағдайда норма жүйенің сөйлесу мен жазылуда берілу өзгешелігін нақтылайды. Айталық, ағылшын тілін меңгеру – бұл тек әр түрлі оралымдарды меңгеру ғана емес, бұл сол оралымдарды дайындауға және түсінуге көмектесетін арнайы ережелер мен нормаларды игеру деп танылады. Ағылшын тілін білу дегеніміз – оның тілдік жүйесіне бойлау. Ал тілшінің міндеті – ағылшын тілінің базалық жүйесіне назар аудару. Қорыта келегенде, ережелер мен әдеп арасындағы айырмашылықтар кез келген зерттеу үшін аса маңызды деп есептеледі. Әр түрлі физикалық жағдайларды зерделеу кезінде әдеп үлгісін анықтайтын заңдылықтарды қалыптастыруға болады. Дегенмен әлеуметтік және мәдени құбылыстар үшін ереже әрдайым шынайы әдептен алшақ тұрады. Бұл ашықтық арнайы мағына кеңістігі деп ұғынылады. Әлеуметтік және мәдени жүйелерде тәрбие қалыптан ауытқуы да мүмкін. Алдын ала берілген уәделердің біразы орындалмай қалуы мүмкін. Алайда моральдық тұжырымдар жүйесінде уәде орындалу керек деген ереженің басымдығы әлі де болса орын алуда. Оны нақты біліп, меңгеру керек.

Жақсы жадының иесі болып табылатын әр адам айтылған сөзді есте сақтай алады және оны логикаға сүйеніп, дәлелдей алады. Ғалым өз ойын әр түрлі дереккөздермен дәйектейтін болса, ақын-жазушылар кез келген тұжырымның дәлелін іштен, арнайы сөздер жіктемесінен, бейнелі ойлардан іздейді, оның білімі де ішкі ғаламның көрінісі деп айқындалады. Олардың қатарында әдебиет теориясында қабылдау, бейне-образдарды тану, көңіл-бөлу, жады қызметі, елестету, даму, ойлау, адамның ақыл-парасаты, тілдік функциялар сияқты құбылыстардың табиғаты сабақтастық құрайды. Нәтижесінде әдебиеттанудың негізгі нысанына айналған тіл



мен шығарма объективті шындықты субъективті түрде бейнелейтін заңдылық деп анықталса, олардың астарында ұқсату немесе балау, бейнелі түрде қабылдау, зейін қою, жадыда сақтау әрекеттері сөзсіз көрініс табады деп есептелді. Жалқы білімнен неғұрлым жалпыға өрбитін ой тұжырымдарына сүйенген индуктивті бақылау негізінде нақты фактілер басшылыққа алынатындықтан, оның маңызы белгілі бір болжамды дәйектеумен, яки жоққа шығарумен анықталады. Бұл әдіспен болжамды теріске шығаруға да; адамдардың тәжірибелік қорын жалпылауға да болады... Жалпыдан жекеге бағытталған дедуктивті пайым шындыққа үйлесер пікірден немесе болжамнан басталады. Индукцияға қарағанда, дедукция жадыда сақталған ақпараттардан, мақсатқа жетуді жоспарлаудан және кейбір қиын мәселелерді шешуден құралады. Осыған орай, структурализм ұстанымдарын мәдени, лингвистикалық және әдеби құбылыстар тоғысында түсінген дұрыс. Осы мақсатта біз жалпы тіл білімі мәселелерін тілдегі, әдеби шығармалардағы таңбалық және мағыналық бірліктер тұрғысынан қарастыруды жалғастыру мақсатын көздеп отырмыз. Біз Фердинанд де Соссюрдің жалпы лингвистика курсы бойынша зерттеулерін талдай отырып, өзгеше тұжырымдар тізбегімен танысамыз. Тіл адамға тән негізгі табиғи белгілердің бірі болғандықтан, жалпы адамзаттың болмысын анықтау, оның қоғам мен қоршаған әлемдегі қимыл-әрекетін сұрыптау, психологиялық өзгешеліктерін зерделеу – барлығы да тіл мен тілдік құралдар арқылы мүмкін болып отырғаны анық. Осыған орай, тілді «адамтанудың» өзегіне айналдырған қазіргі ғылыми зерттеулердің дені адамның ішкі-сыртқы мүмкіндігін, мінез-құлқын, танымдық қабілетін, іс-әрекетін талдап түсіндіруге, сол арқылы әдеби ізденістердің жаңа қырларын ашып тануға бағытталған. Адам мен адамды байланыстыратын, олардың жеке субъективті өзгешеліктерін айғақтайтын әрі қоршаған ортамен араласу заңдылықтарын саралайтын құралдардың ішінде тілдің атқарар қызметі де, өзіндік орны да айрықша.

Бақылау сұрақтары

1. Структурализмнің даму кезеңдерін қалай сипаттауға болады? Қандай пәнаралық ерекшелікті атауға болады?
2. Структурализм мен формализмнің байланысы қалай анықталады?
3. Соссюрдің ғылыми көзқарастарының мәні неде? Қандай тұжырымдарын структурализмнің даму негізі ретінде қарастыруға болады?
4. Француз зияткерлік мектебінің структуралық тұжырымдамасын қалай сипаттауға болады?
5. Джонатан Куллердің «Лингвистикалық қор» атты еңбегінің ерекшелігі неде? Қандай тұжырымдарды аса маңызды деп бөліп көрсетуге болады?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 147–152 беттер.